

## "Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 179 Заңы

**1-бап.** "Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 5, 26-күжат; 2006 ж., N 1, 5-күжат; N 3, 22-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 )            1 - б а п т а :

1 )            т а р м а қ ш а д ағ ы :

"бөлінетін" деген сөз "бөлінген" деген сөзben ауыстырылсын;  
"бюджет қаражатын" деген сөздер "қаражатты" деген сөзben ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) егістің толық жойылуы - егіске қолайсыз табиғат құбылыстары әсерінің салдары, мұндай жағдайда өнімді одан әрі өсіруге және жинауға жұмсалатын шығындар өнім алудан түсетін болжамды кірістен асып түседі";

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) өнім алудан түсетін болжамды кіріс - өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес комиссия айқындастын кіріс";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қолайсыз табиғат құбылысы - салдарынан өсімдік шаруашылығының өнімі жойылған немесе бүлінген табиғат құбылысы (ұзақ мерзімді - құрғақшылық, үсіп кету, жылудың жетіспеуі, топырақтың шамадан артық ылғалдануы, ауаның шамадан тыс ылғалдануы, су тасқыны, аңызақ; қысқа мерзімді - бұршақ соғу, нөсер жанбыр, үсік шалу, қатты жел, сел);";

2) 3 және 4-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру объектісі

Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының мөлшері өсті Заңға сәйкес белгіленетін залалдарын ішінара немесе толық өтеумен байланысты сақтанушының мүліктік мүдделері өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру объектісі болып табылады.

4-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандырудың мақсаттары

Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандырудың мақсаттары:

1) өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушінің мүліктік мүдделерін осы Заңда

көзделген жағдайларда, мөлшерде және тәртіппен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қолайсыз табиғат құбылыстарының зардаптарынан қорғауды қамтамасыз ету;

2) өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге сақтандырылған егісті кепілге қою арқылы кредит беру үшін жағдай жасау;

3) өсімдік шаруашылығын мемлекеттік қолдау бағдарламаларының тиімділігін арттыруға жәрдемдесу болып табылады.";

3) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлейді;

2) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының және сақтандыру төлемдерін ішінara өтеудің тәртібі мен талаптары туралы шарттың үлгі нысанын бекітеді;

3) міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлерін өндіру үшін егістік алқаптың бір гектарына жұмсалатын шығындар нормативтерін бекітеді;

4) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану тәртібін және агент көрсететін қызметтерге төленетін ақының мөлшерін бекітеді;

5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік органның ұсынуы бойынша қолайсыз табиғат құбылыстарын айқындаудың өлшемдері мен сипаттамаларын бекітеді;

6) ауданың (қаланың) жергілікті атқарушы органдың қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптар көлемін айқындау үшін комиссия құруының және оның жұмысын ұйымдастырудың тәртібін және қолайсыз табиғат құбылысы фактісі бойынша зерттеу актісінің нысанын бекітеді;

7) гидрометеорология қызметі органдың және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдың қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасының үлгі нысанын бекітеді.";

4 ) 5 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

8) тармақшадағы "сақтандыру нарығына қатысуышылардан" деген сөздер "сақтанушыдан, сақтандыруышыдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушының, сақтандыруышының және агенттің ұсыну нысаны мен мөрзімдерін бекітеді;

10) "қойылған егіс алқаптарын айқындаудың әдістемесін әзірлейді және бекітеді";

### 3 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "сақтандыру нарығына қатысушылардан" деген сөздер "сақтанушыдан, сақтандырушыдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі тиісті аумақта егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілейді;

4) осы Заңың 9-бабына сәйкес комиссиялар құрады.;"

5) 5-1-бап мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Мемлекеттік бақылау өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасу нысанасына арналған жоспарлы тексеру жүргізу арқылы жылына бір рет жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Жоспарлы тексеру жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

Тексерілетін кәсіпкерлік субъектісіне тексеру тағайындау туралы актісін тапсыру сәті тексеру жүргізудің басталуы болып есептеледі.";

### 6 ) 7 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Сақтандыру сомасының мөлшерін белгілеу және шығындар нормативтерінің түрлері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру сомасының мөлшері осы Заңда айқындалған міндетті сақтандыру ерекшеліктері ескеріле отырып жасалған шартта, сақтанушы өсімдік шаруашылығы өнімінің осы түрін өсіру жөнінде шығын жұмсаған барлық алқапқа көбейтіліп, бір гектарға жұмсалған шығындар нормативіне сәйкес өсімдік шаруашылығы өнімінің әрбір түрі бойынша жеке-жеке белгіленеді.";

екінші бөлік алып тасталсын;

2-тармақтың 3) тармақшасының бірінші абзацындағы "шығындардың" деген сөз "ғылыми негізделген немесе оңайлатылған агротехнология шығындарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 8-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі "бір мезгілде немесе" деген сөздерден кейін "сақтандырушының келісімі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

### 8 ) 9 - б а п т а :

### 2 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктегі "органын" деген сөз "органы" деген сөзben, "үш" деген сөз "бес" д е г е н с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

үшінші бөліктегі "өсімдік шаруашылығы саласындағы және жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың," деген сөздер "өсімдік

шаруашылығы және статистика саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың, "деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссия зерттеудің нәтижелері бойынша зерттеу жүргізілген күні, қолайсыз табиғат құбылысының әрбір фактісі немесе олардың жиынтығы және өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі бойынша жеке-жеке тиісті зерттеу актісін (бұдан әрі - зерттеу актісі) үш дана етіп жасайды. Зерттеу актісіне барлық комиссия мүшелері қол қояды, содан кейін ол агенттің, сақтандырушиның және сақтанушының өкілдеріне беріледі. Егер комиссия мүшелерінің бірі қабылданған шешіммен келіспесе және зерттеу актісіне қол қоймаса, ол комиссияға өзінің бас тартуының себептерін жазбаша түрде ұсынуға және оларды зерттеу актісіне қоса тіркеуге міндettі.

Егістер ішінара жойылған жағдайда, қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алқаптардан жиналған өнімнің көлемі өнімді жинау кезінде міндettі түрде бағалануға тиіс. Егістер толық жойылған жағдайда, залал көлемі табиғат құбылысы әсер еткен өнімнің осы түрін өндіру алқабына көбейтілген, өсімдік шаруашылығындағы міндettі сақтандыру шартын жасасу кезінде белгіленген өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндірудің бір гектарына жұмсалған шығындар нормативінің мөлшері ретінде белгіленеді.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егістер толық жойылған жағдайда сақтандыруши бағалау кірісін айқындауды жүргізбейді. " ;

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі "бес" деген сөз "үш" деген сөзben ауыстырылсын;

7-тармақ алып тасталсын;

9) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар:

міндettі сақтандыру шартының көшірмесі;

егістік жерлерді орналастыру картасының (схемасының) көшірмесі;

гидрометеорологиялық қызмет органы және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасы, ауданының (қаланың) жергілікті атқарушы органына қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алқаптарды белгілеу жөнінде комиссия құру туралы өтінішті қабылдау туралы белгісі бар, сақтанушы өтінішінің көшірмесі;

тізбесі міндettі сақтандыру шартында белгіленетін, нақты кірістің алынғанын растайтын құжаттар, ал олар болмаған жағдайда бағалаушиның (тәуелсіз сарапшының) егістер ішінара жойылған кезде кірісті бағалау жөніндегі есебі қоса тіркеледі.

Сақтандырушиның сақтанушыдан басқа да құжаттарды қосымша талап етуіне жол берілмейді.";

10) 12 және 13-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндettі сақтандыруды мемлекеттік қолдау

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндettі сақтандыруды мемлекеттік қолдау сақтандырушыларға қолайсыз табиғат құбылыстарының салдарынан туындаған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің елу процентін өтеу және агент көрсететін қызметтерге ақы төлеу үшін өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін бюджет қаражатын бөлу арқылы жүзеге асырылады.

Агент көрсететін қызметтерге ақы төлеуге көзделген қаражат өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган мен агент арасында жасалатын шартқа сәйкес агенттің екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотына аударылуы мүмкін.

2. Агентке өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен агент арасында жасалатын шарт негізінде өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган беретін қаражатты басқаруды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде (бұдан әрі - Қазақстанның Ұлттық Банкі) ағымдағы шот ашылады.

Уақытша бос қаражат Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттан Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі депозиттерге орналастырылуы мүмкін.

Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттың кіріс бөлігі өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган шарт негізінде беретін бюджет қаражатының және уақытша бос қаражатты депозиттерге орналастырудан түсетін кірістердің есебін құралады.

Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттың шығыс бөлігі депозиттерге орналастыру сомаларын, сақтандырушыларға төленетін сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеуге жұмсалатын шығыстарды қамтиды.

Қаржы жылының аяғында Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шотта қалған қаражаттың қалдығы өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға және тиісінше бюджетке қайтаруға жатпайды.

13-бап. Жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу туралы талап қою тәртібі

1. Агентке жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу туралы қойылатын талапты сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша өтініш нысанында ұсынады.

2. Жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу туралы өтінішке мынадай құжаттар:

өсімдік шаруашылығындағы міндettі сақтандыру шартының нотариат күеландырған көшірмесі;

жүргізілген сақтандыру төлемін растайтын құжаттар (төлемдік тапсырма - түпнұсқа, сақтандырушының мөрімен расталған шығыс ордерінің телнұсқасы);  
сот шешімі бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған жағдайда соттың күшіне

е н г е н

ш е ш і м і н ің

көшірмесі;

егістер ішінәра жойылған жағдайда сақтандыруши растиған бағалау кірісін бағалау туралы құжаттың көшірмесі қоса тіркелуге тиіс.

Осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, аталған құжаттар сақтандырушиға ескертпелерді жою үшін қайтарылады. Бұл ретте сақтандырушиға жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу мерзімі құжаттарды қайта алған кезден бастап есептеледі, ол бірақ жеті жұмыс күнінен аспауға тиіс.

3. Сақтандыруши агентке көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаған және (немесе) берген жағдайда агенттің сақтандырушиға жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеуден бас тартуға құқығы бар.

4. Сақтандыруши сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындаудың дұрыстығы үшін жауапты болады.";

1 1 ) 1 4 - б а п т а :

1-тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

алтыншы абзацтағы "жасалған міндettі" деген сөздер "кушіне енген міндettі" деген сөздермен ауыстырылсын; "өсімдік шаруашылығындағы міндettі сақтандыру шарты түпнұсқасының бір данасын қоса тіркей отырып," деген сөздер алып тасталсын;

тоғызыншы абзацтағы "ақы төлеуге міндettі." деген сөздер "ақы төлеуге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы оныншы және он бірінші абзацтармен толықтырылсын:

"жүргізілген сақтандыру төлемі мен оның мөлшеріне қатысты барлық сот шешімдері және (немесе) үйғарымдары туралы агентке солар шығарылған күннен бастап үш күн мерзімде хабарлауға;

қолайсыз табиғат құбылысы туындаған кезде сақтанушының етініші бойынша қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне үшыраған алқаптарды айқындау жөнінде зерттеу жүргізу үшін ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы құрған комиссияның құрамына өз өкілін жіберуге міндettі.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Сақтандыруши ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіу агротехнологиясын сактау жөнінде талаптар қоюға құқылы емес.";

1 2 ) 1 5 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"дереу, бірақ сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін қолайсыз табиғат құбылысының болу фактісі туралы өзіне белгілі болғаннан бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандырушиға бұл жөнінде қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға міндettі.

Ауызша нысандагы хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша расталуға тиіс. Егер сақтанушының дәлелді себептермен аталған іс-әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол мұны құжатпен растауға тиіс;";

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ауданның (қаланың) жергілікті атқаруыш органына қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған алқаптарды анықтау жөнінде комиссия құру туралы:

қысқа мерзімді табиғат құбылысы кезінде - ол басталған күннен бастап үш жұмыс күні

ішінде;

ұзақ мерзімді табиғат құбылысы кезінде - гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның өз құзыреттеріне сәйкес осындағы құбылыс фактісін растайтын анықтамасы болған жағдайда, оның егістерге әсері анықталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде өтініш беруге;";

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"әрбір жекелеген ауыспалы егіс жерлерінде өзінің мүліктік мұдделерін сақтандыруға;";

13) 16 - бапта :

2 - тармақта :

төртінші абзац алып тасталсын;

бесінші абзацтағы "бір ай мерзімде" деген сөздер "жеті жұмыс күні ішінде" деген сөздермен

ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін" деген сөздер алдып

тасталсын;

3-тармақтағы "құқықтары мен" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтағы "тиісті шартта келісілген мерзімде" деген сөздер "осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

"16-1-бап. Гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның құқықтары мен міндеттері

1. Гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның даулы мәселелер туындаған жағдайда қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтаманы дайындау кезінде қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшырауы болжанып отырған жерге барып, зерттеу жүргізуге құқығы бар.

2. Гидрометеорологиялық қызмет органы және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қолайсыз табиғат құбылысының фактісін растайтын немесе растамайтын анықтаманы:

1) сақтанушыға - тегін, екі дана етіп, қысқа мерзімді құбылыс кезінде - күнтізбелік үш күн ішінде, ұзақ мерзімді құбылыс кезінде - күнтізбелік бес күн ішінде;

2) өзге де мұдделі тұлғаларға - белгіленген тәртіппен ресми жазбаша сұрау салу бойынша беруге міндettі.";

15) 17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндettі сақтандыру шарты он екі ай мерзімге, кемінде екі дана етіп жазбаша нысанда жасалады.".

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК